

## Аңдатпа

Дипломдық жұмыста жүк көтерімділігі 1000 кг болатын жолаушылар лифтісінің автоматтындырылған электр жетегі жобаланған. Ол келесідей негізгі үш бөлімнен тұрады: арнайы бөлім, өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және экономикалық бөлім.

Арнайы бөлімде негізгі есептеу және жобалау жұмыстары жүргізілген. Жолаушылар лифтісінің кабинасының өлшемдері мен массасы анықталған, қозғалтқыш түрі таңдалған, жиілікті түрлендіргіш – асинхронды қозғалтқыш жүйесінің виртуалды үлгісін Matlab Simulink ортасында құрастыру орындалған.

Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі бөлімінде лифт шахтасындағы және кабинасындағы ауа алмасу жүйесі жобаланған.

Экономикалық бөлімде жиілікті түрлендіргіш – асинхронды қозғалтқыш жүйесінің лифт электржетегінде қолданудың тиімділігі көрсетілген.